

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

Дәріс кешені

Пәні: “Биохимия”

Пән коды: Bio 2204

БББ атауы: 6В10115 «Медицина»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат (4 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 2, IV

Дәріс көлемі: 8 сағат

Шымкент – 2025 ж



Дәріс кешені «Биохимия» пәнінің жұмыс бағдарламасына (сиплабус) сәйкес өңделді және кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілген хаттама № 1 «27» 08 2025ж.

Кафедра меңгерушісі, профессор м.а.  Дауренбеков К.Н.

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

№1

1. Тақырыбы: «Ферменттердің құрылысы мен биологиялық қызметтері».

2. Мақсаты: Ферменттердің құрылысын, биологиялық қызметтерін, және медицинада қолданылуын түсіндіру.

3. Дәрістің тезісі. Тірі ағзадағы химиялық реакциялардың жүруін қамтамасыз ететін ерекше ақуыздарды ферменттер немесе энзимдер деп атайды. Ферменттер барлық ұлпаларда, жасушаларды, субжасушалық құрылымдарда кездеседі. Белгілі бір жасушада болатын ферменттердің тобы және олардың активтілігі бүкіл ағзада жүретін зат алмасу реакцияларының бағыты мен тығыз байланысты және осы процесстерге тәуелді болады. Ферменттердің активтілігінің жетіспеушілігі әр түрлі аурулардың пайда болуына себепкер болады. Табиғатта жәй және күрделі ферменттер кездеседі. Жәй ферменттер полипептидтік тізбектен ғана тұрады. Күрделі ферменттердің құрамына ақуыз және кофакторлар кіреді. Күрделі ферменттердің ақуыздық бөлімін апофермент деп атайды. Кофакторлар мен апофермент өз бетінше активтілік көрсетпейді. Олардың бір-бірімен байланысуы арқылы холофермент түзіледі. Холофермент жоғары биологиялық активтілік көрсетеді. Жай ферменттердің активтік орталығының жанасушы жә не каталиттік бөлігі аминқышқылдардың бүйірлі радикалдарынан тұзеді, ал күрделі ферменттердің активтік ортасының каталиттік бөлігі кофакторлардан, жанасушы бөлігі аминқышқылдарының бүйірлі радикалдарынан тұрады.

Активтік ортадан басқа олигомерлік ферменттерде аллостерлік деп аталатын орта болады. Аллостерлік ортамен байланысатын заттардың молекуласы субстраттың молекуласының құрылысынан өзгеше келеді, басқа аллостерлік ортамен байланысқан эффектор ферментінің молекуласының кеңістікте орналасуын өзгертіп, оның субстратпен әрекеттеуіне өз әсерін тигізеді. Ферменттік реакциялардың жылдамдығы жоғарлауына немесе тежелуіне сәйкес эффекторды екі топқа бөлуге болады. Аллостерлік активаторға немесе аллостерлік тежеушілерге (ингибиторға). Кофакторлық қызметі металдар, витаминдік және витаминдік емес коферменттер аткарады.

Ферменттер субстраттарға әртүрлі талғамдылықпен әсер ете алады. Стереохимиялық субстраттық, абсолюттік субстраттық, салыстырмалы топтық субстраттық және салыстырмалы субстраттық талғамдылықпен. Ферменттердің субстраттарға әсер етуі реагенттердің біріне бірі жақындап бейімделуі, субстраттардың деформациялық эффектісі және қышқылды-негіздік катализ бен коваленттік катализ механизмі арқылы жүреді. Коваленттік катализ арқылы әсер ететін ферменттерге химотрипсин, тромбин, трипсин, экстераза фосфоглюкомутаза, сілтілік фосфотаза, глицеральдегид-3-фосфатдегидрогеназа, папаин жатады. Ферменттік реакциялардың жылдамдығы субстраттың мөлшерінің азаюна немесе реакция өнімінің көбеюіне байланысты анықталады.

Ферменттік реакцияның кинетикасын анықтағанда, ферменттің субстратпен қосылғанда құбылысын есепке алу керек (бұл құбылыс бейорганикалық химиялық реакцияларда байқалмайды). Егер субстраттың концентрациясы төмен болса, реакцияның жылдамдығы субстраттың концентрациясына тура сызықты тәуелді болады да, бірінші дәрежелі кинетикаға бағынады. Субстраттың концентрациясы жоғары болғанда, ферменттің активтік ортасы субстратпен толық қанығу нәтижесінде реакция жылдамдығы жоғары және тұрақты болады да, субстраттың концентрациясына тәуелді болмайды. Бұл жағдайда реакция нольдік дәрежелі кинетикаға сәйкес, реакцияның жылдамдығы толығымен ферменттің концентрациясымен анықталады. Ферменттік реакциялардың жылдамдығы рН-тың,

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		
Дәріс кешені		46-11 ... 1 беттің 1 беті

температураның оптимумында жоғары, ферменттің сандық мөлшеріне тура пропорциональды болады.

Ферменттердің аталуы жұмыс (тривиальді) және жүйелі номенклатурасы бойынша жүргізіледі. Ферменттердің жұмыс аталуы субстраттардың аталуынан, катализденетін реакцияның түрінен және “аза” жұрнағынан құралады. Ал ферменттердің жүйелі аталуы фермент әсер ететін химиялық реакцияның субстраттарының аталуынан, катализденетін химиялық өзгерістердің түрінен аталуынан және “аза” жұрнағынан түзіледі.

Ферменттердің жіктелуі катализденетін реакциялардың түріне негізделініп, барлық ферменттер алты класқа бөлінеді. Әрбір кластың тұрақты нөмірі болады : 1. Оксидоредуктазалар, 2. Трансферазалар, 3. Гидролазалар, 4. Лиазалар, 5. Изомеразалар, 6. Лигазалар (синтетазалар). Ферменттердің жеке кластарының сипаттамасы молекулалық деңгейде баяндалады.

Ферменттердің активтілігін реттеудің негізгі жолдарына: проферменттердің активтендірілуі; ферменттердің активтілігінің коваленттік модификация арқылы реттелуі; ферменттердің активтілігін тежеу арқылы реттелуі; аллостерлік реттелуі жатады. Энзимопатологияда, зерттеулер жүргізілуі арқылы қалыпты жағдайдағы және патология кезіндегі ферменттердің активтілігі анықталады. Көптеген тұқым қуалаушы патологиялардың дамуы, ферменттердің дұрыс синтезделінбеуіне және олардың активтілігінің өзгеруіне байланысты. Галактоземия- тұқым қуалаушы ауруға жатады. Осы ауру кезінде галактозаның қандағы мөлшері өте көп жоғарылап кетеді, себебін галактозаны глюкозаға айналдыратын ферменттің (глюкоза-1-фосфат-уридилтрансферазаның) дұрыс синтезделінбеуімен түсіндіруге болады. Энзимодиагностика, ферменттік реагенттерді қолданып, қан сарысуындағы, несептегі, асқазан сөліндегі және басқа биологиялық сұйықтықтардағы қалыпты және аномальді заттардың мөлшерін анықтауға негізделінген. Мысалы: миокардтық инфаркт кезінде қандағы аспартатаминотрансферазаның (АСТ), креатинфосфокиназаның (КФК-нің) және лактатдегидрогеназаның (ЛДГ₁, ЛДГ₂) активтілігі жоғарылайды.

Энзимотерапия, ферменттерді және ферменттердің әсер етуін реттейтін заттарды дәрі ретінде қолдануға негізделінген. Клиникада ұйыған қанды еріту үшін, қан қысымын төмендету үшін және жараны, қабыну процесін, күйікті ісінуді, гематомды, өкпе туберкулезбен ауырғанда пайда болатын коллоидты тыртықты, ас қорыту жолы мен жүрек – қан жолдары ауруларын емдеу үшін нақты ферменттер қолданылады.

4. Иллюстрациялық материал.

Power point форматында презентация.

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде

негізгі:

1. «Биохимия» Е.С. Севериннің ред. басшылығымен, «ГЭОТАР, Медиа», 2014ж;
2. Т.С. Сейтембетов, Биологиялық химия, Алматы-2011 ж.
3. С.О. Тапбергенов, Медициналық биохимия, Алматы-2011ж
4. З.С. Сеитов, Биологиялық химия, 2012ж.
5. П.К.Кенжебеков, Биологиялық химия (арнайы бөлімдері), -Шымкент, 2005 ж.

қосымша:

6. Биохимия сұрақтары мен жауаптары. ҚР ҰҒА корр., проф. С.М.Адекеновтің ред.басшылығымен.-Алматы, 2011
7. Г.К.Асилбекова, А.Б.Ордабекова, Гормондар биохимиясы, Шымкент-2012ж

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

Орыс тілінде:

негізгі:

1. Биохимия, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2011
2. Тапбергенов С.О. Медицинская биохимия.- Астана, 2001.
3. Березов Т.Т., Коровкин Б.Ф. Биологическая химия.- М., 2007.
4. Николаев А.Я. Биологическая химия. Москва, М., 2007

қосымша:

5. Комов В.П. Биохимия: учеб. Для вузов.-М., 2008
6. Кухта В.К. Основы биохимии – М., 2007
7. Биохимия. Тесты и задачи: Учебное пособие для студентов медвузов, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2005.
8. Биохимия в вопросах и ответах. Под Ред. чл.-корр. НАН РК, д.х.н., проф. С.М.Адекенова.-Алматы, 2011

Ағылшын тілінде

1. R. H. Garrett, Grisham C. M., «Biochemistry», 2012
2. Harvey R. A. [ed. by], Lippincott's Illustrated Reviews: «Biochemistry» /, 2013
3. V. W. Rodwell [et al.], Harper's Illustrated «Biochemistry», 2015
4. M. Lieberman, A. Marks, A. Peet., Lieberman M. Mark's «Basic Medical Biochemistry A Clinical Approach» - 4th ed., 2015
5. Lehninger «Principles of biochemistry», Fourth Edition, David L.Nelson, Michael M. Cox, 2005.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Ферменттердің бейорганикалық катализаторлардан айырмашылықтары немен байланысты?
2. Жәй фермент пен күрделі ферменттердің белсенді ортасының құрылымында қандай айырмашылық бар?
- 3 Ферменттердің талғамдылығының түрлерін анықтаңыз?
4. Ферменттердің қандай әсер ету механизмдері белгілі?
5. Миокард инфаркт кезінде қандай ферменттердің белсенділігі жоғарылайды?
6. Тұқым қуалаушы аурулардың пайда болуы немен байланысты?
7. Клиникада қандай ферменттер қолданылады?

№ 2

1. Тақырыбы: «Энергия алмасуы».

2. **Максаты:** Энергияның анаэробтық пен аэробтық жолмен түзілуін және осы үрдістерге ингибиторлардың әсер етуін түсіндіру.

3. **Дәрістің тезісі.** Тірі табиғаттың энергия көзі болып күн сәулесі саналады. Табиғаттағы барлық тірі организмдер күн энергиясын қолдану мүмкіншілігіне қарай аутоотрофтық және гетеротрофтық организмдерге бөлінеді. Аутоотрофты организмдер күн сәулесінің энергиясын қолданып, бейорганикалық заттардан органикалық заттарды синтездейді (көмірсуларды, аминқышқылдарын, майқышқылдарын және т.б.). Гетеротрофтар энергия көзі ретінде органикалық заттарды қолданылады. Адам организмi үшін негізгі энергия көзі болып тағамның көмірсуы, майлары, азырақ деңгейде ақуыз саналады. Осы заттар қортылғаннан кейін мономерлер жасушаға енеді. Жасуша ішінде мономерлер (глюкоза, май қышқылдары, аминқышқылдары) ыдыратылып, энергия

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

бөлініп шығарылады. Бөлінген энергия фосфаттардың макроэргиялық байланыстарында жинақталады.

Өздеріне тән катаболизм жолымен моносахаридтер, гликогендік аминқышқылдары, глицерин пируватқа, ал май қышқылдары мен кетогендік аминқышқылдары ацетил-КоА айландырылады. Пируваттың тотығып декарбоксилденуі және Кребс айналымы катаболизмнің жалпы жолына жатады.

Пируват дегидрогеназалық жинақ бірі бірімен коваленттік байланысқан үш түрлі ферменттерден тұрады. Пируватдегидрогеназдан, дегидролипоилацетилтрансфераздан және дигидролипоилдегидрогеназдан. Осы полиферменттік жинақ митохондрийдің ішкі мембранасымен берік байланысып, матрикске бағытталған. Пируваттың тотығып декарбоксилдену процесіне осы полиферменттік жинақпен байланыспаған бос күйіндегі коферменттер НАД⁺ және КоА-SH қатынасады. Реакция нәтижесінде пируваттың бір молекуласынан ацетил-КоА, CO₂ НАДН⁺Н түзіледі. Ацетил-КоА Кребс айналымының субстратты ретінде, ал НАДН+Н⁺ тыныс алу тізбегінің энергия көзі ретінде қолданылады.

Ацетил – КоА Кребс айналымында сегіз ферменттердің (цитратсинтазаның, аконитатгидролазаның, изоцитрат-дегидрогеназаның, альфа-кетоглутарат-дегидрогеназалық жинақтың, сукцинил-КоА-синтетазаның, сукцинат-дегидрогеназаның, фумаразаның, малатдегидрогеназаның) әсерінен катаболизмге ұшырайды. Реакциялар нәтижесінде ацетил-КоА-ның бір молекуласынан 3НАДН+Н⁺, ФАД Н₂, АТФ түзіледі, 2CO₂ және КоА-SH бөлініп шығарылады. Тотықсызданған НАД пен ФАД тыныс алу тізбегінің энергия көзі ретінде жұмсалады.

Аэробтық жағдайда цитозольде түзілген НАДН+Н⁺ биомембранадан өте алмайды. Сондықтан сутегілер малат-аспараттық, лактаттық, глицеролфосфаттық тасымалдаушы жүйелер арқылы матрикске тасымалданады.

Тыныс алу тізбегінің құрамына флавопротеид-1, темір-күкірті ақуыз, кофермент Q, цитохром в, темір-күкірті ақуыз, цитохромдар C₁, C₂, a, az кіреді. Тотықсызданған НАДН-тан екі протон мен электронды флавопротеид-1 қабылдап алып, темір-күкірті ақуызға береді, ол протондар мен электрондарды коферментQ-ге тасымалдайды. Кофермент Q екі электронды цитохром в-ға тасымалдап, екі протонды реакция ортасына бөліп шығарады. Электрондар цитохромдар арқылы тасымалданып оттегі активтендіріледі. Активтендірілген оттегі матрикске протондармен байланысып су молекуласын түзеді.

Тыныс алу тізбегінде тыныс алу мен тотығып фосфорланудың үш түйісу орны бар. Біріншісі флавопротеид-1 мен Ко Q, екіншісі темір-күкірті ақуызбен цитохром C₁-ді, үшінші цитохром оксидаза мен оттегінің арасында. Осы түйісу нүктелерінен екі электрон өтіп оттегіне жеткізілгенде матрикстен мембрана аралық кеңістікке алты протондар тасымалданып, протондық потенциал пайда болады.

Тотығып фосфорлану процесі протондық потенциалдың энергиясын қолдану арқылы жүреді. Митохондрийдің ішкі мембранасының құрылымы бұзылмаған кезде, протондар мембрана аралық кеңістіктен матрикске тек АТФ-синтетаза арқылы ендіріледі. Бұл кезде екі протонның энергиясы АТФ-тың бір молекуласын синтездеу үшін жұмсалады. Матрикстен АТФ транслоказа ферменттерінің қатысуымен мембрана аралық кеңістікке тасымалданылады.

Ашығу, гиповитаминоз кезінде және қанға оттегінің жеткізілуінің бұзылуына, ұлпаларға оттегінің тасымалдануының бұзылуына, жасушалардағы оттегінің жұмсалудың бұзылуына байланысты гипоксиялық жағдай пайда болады.

4. Иллюстрациялы материал.

Power point форматында презентация.

ONȚTȚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде

негізгі:

1. «Биохимия» Е.С. Севериннің ред. басшылығымен, «ГЭОТАР, Медиа», 2014ж;
2. Т.С. Сейтембетов, Биологиялық химия, Алматы-2011 ж.
3. С.О. Тапбергенов, Медициналық биохимия, Алматы-2011ж
4. З.С.Сеитов, Биологиялық химия, 2012ж.
5. П.К.Кенжебеков, Биологиялық химия (арнайы бөлімдері), -Шымкент, 2005 ж.

қосымша:

6. Биохимия сұрақтары мен жауаптары. ҚР ҰҒА корр., проф. С.М.Адекеновтің ред.басшылығымен. -Алматы, 2011
7. Г.К.Асилбекова, А.Б.Ордабекова, Гормондар биохимиясы, Шымкент-2012ж

Орыс тілінде:

негізгі:

1. Биохимия, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2011
2. Тапбергенов С.О. Медицинская биохимия.- Астана, 2001.
3. Березов Т.Т., Коровкин Б.Ф. Биологическая химия.- М., 2007.
4. Николаев А.Я. Биологическая химия. Москва, М., 2007

қосымша:

5. Комов В.П. Биохимия: учеб. Для вузов.-М., 2008
6. Кухта В.К. Основы биохимии – М., 2007
7. Биохимия. Тесты и задачи: Учебное пособие для студентов медвузов, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М.,2005.
8. Биохимия в вопросах и ответах. Под. Ред. чл.-корр. НАН РК, д.х.н., проф. С.М.Адекенова.-Алматы, 2011

Ағылшын тілінде

1. R. H. Garrett, Grisham C. M., «Biochemistry», 2012
2. Harvey R. A. [ed. by], Lippincott's Illustrated Reviews: «Biochemistry» /, 2013
3. V. W. Rodwell [et al.], Harper's Illustrated «Biochemistry», 2015
4. M. Lieberman, A. Marks, A. Peet., Lieberman M. Mark's «Basic Medical Biochemistry A Clinical Approach» - 4th ed., 2015
5. Lehninger «Principles of biochemistry», Fourth Edition, David L.Nelson, Michael M. Cox, 2005.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Энергияның анаэробты және аэробты түзілу жолында қандай айырмашылықтар бар?
2. Жалпы катаболизмге қандай үрдістер жатады?
3. Кребс айналымы қандай биохимиялық қызметтерді атқарады?
4. Митохондрийлік электрондарды тасымалдаушы тізбектің құрамына қандай ферменттер кіреді?
5. Тотығып фосфорлану үрдісі қалай жүреді?
6. Протонофорлар мен ионофорлардың әсерінен не себепті АТФ-тың биосинтезі тоқтатылады?

№ 3

1. Тақырыбы: «Көмірсулардың алмасуы».

2. Мақсаты: Көмірсулардың алмасу үрдістерін және көмірсулардың алмасуының бұзылуларын түсіндіру.

ONȚŮSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		
Дәріс кешені		46-11 ... 1 беттің 1 беті

3. Дәрістің тезисі. Барлық белгілі көмірсуларды үш үлкен класқа бөлуге болады: моносахаридтер, олигосахаридтер, полисахаридтер. Олигосахаридтер моно және полисахаридтердің ортасындағы аралық топты құрайды. Негізінен, оларға 10-нан астам моносахарид қалдықтарынан тұратын биополимерлер жатады. Құрамында көмірсуы бар аралас биополимерлерге гликопротеиндер, протеогликандар, пептидгликандар жатады.

Көмісулардың қорытылуы ішекте альфа-амилаза, амило-1,6-гликозидаза, олиго-1,6-гликозидаза, мальтаза, сахараза, лактаза, трегалаза ферменттерінің әсерінен жүреді. Моносахаридтер екінші активтік тасымалдау жолымен сіңіріледі.

Бауырда иглкогеннің ыдырау реакциялары фосфоролиз және гидролиз арқылы жүреді. Фосфорилаза активті және активсіз күйінде болады. Фосфорилазаның активті түрі (а) тетрамерден тұрады, ал активсіз түрі (в) димерден тұрады. Каскадтық жүйенің ферменттерінің әсерінен фосфорилаза (в)-ның екі молекуласы фосфорланып, фосфорилаза (а)-ға айналдырылады. Активті фосфорилазаның әсерінен гликоген фосфоролиз арқылы ыдырап, глюкоза-1-фосфат түзіледі. Ол глюкозомутаза ферментінің әсерінен глюкоза-6-фосфатқа айландырылады. Бауырда фосфатаза глюкоза -6-фосфаны глюкозаға айналдырылып, қанға бөлініп шығарылады. Сонымен қатар бауырдағы гликогеннің ыдырауы гидролиз немесе амилолиз арқылы жүреді. Бұл процесс қандағы глюкоза мөлшерінің төмендеуін жылдам қалпына келтіру үшін қолданылады. Гликогеннің гидролизі гамма - амилазаның әсерінен жүреді. Активті фосфорилаза (а) фосфатаза ферментінің әсерінен дефосфорланып, активсіз фосфарилаза (в) айналдырылады. Бұлшық еттегі гликогеннің ыдырауы фосфоролиз арқылы жүреді. Түзілген глюкозо-1-фосфат глюкозо-6-фосфатқа айналдырылып бұлшық етте энергия көзі ретінде жұмсалады.

Организмде эритроциттерден басқа, барлық жасушаларда гликоген биосинтезделінеді. Активті түрде бұлшық ет пен бауырда жүреді. Гликогеннің биосинтезі екі жолмен жүреді. Біріншісінде гликогеннің синтезі үшін гликогеннің дайын фрагменті қолданылады, ал екіншісінде гликогеннің синтезі глюкозаның молекуласынан басталады. Глюкоза нетозофосфаттық жолмен ыдырағанда жасушаға өте қажетті НАДФН₂ және рибоза-5-фосфат түзіледі. НАДФН₂ химиялық энергияның тасымалдаушысы болып табылады. НАДФН₂ энергияны өзінің тотықсыздандырғыш қабілеті арқылы жеткізеді. НАДФН₂ –тың бұл қызметі әсіресе стероидтардың және май қышқылдарының биосинтезі жүретін ұлшаларда, сүт бездерінде, бауырда, бүйрек үсті қабатында өте маңызды орын алады. Пентозофосфаттық айналымның барлық сатылары жеті реакция арқылы жүргізіледі.

Глюкозаның көмірсу емес заттардан биосинтезделуі глюконеогенез деп аталады. Глюконеогенез процесі жүру кезеңінде бұлшық еттерден лактат қанға түседі, қан арқылы бауырға жеткізіледі, бауырда одан глюкоза биосинтезделінеді. Синтезделген глюкозаның негізгі бөлігі бауырдан қан арқылы бұлшық еттерге тасымалданады, бұл процессті Кори айналымы деп атайды. Осы процестердің реттелуі аллостерлік механизмдермен, яғни аллостерлік ферменттермен қамтамасыз етіледі. Гликолиздің аллостерлік ферменттеріне фосфоглюкокиназа және фосфофруктокиназа ферменттері жатады. Олардың аллостерлік –эффеқтрлік ингибиторы болып АТФ, НАДФН₂ және цитрат, активаторы болып АДФ, АМФ, НАД табылады. Глюконеогенездің алластерлік ферменттеріне пируваткарбоксилаза және фруктоза –1,6- дифосфатаза ферменттері жатады. Олардың аллостерлік – эффеқторлік ингибиторы болып АДФ, АМФ, активаторы болып АТФ табылады. Бұдан бөлек, бұл процестердің жылдамдығы жасушаға түсетін субстраттарға байланысты.

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

Көмірсулардың алмасуына қатынасатын ферменттердің активтілігінің нашарлауына байланысты әр түрлі патологиялық процесстер дамиды.

Галактокиназамен гексозо-1-фосфатуридилтрансферазаның жетіспеушілігіне байланысты галактоземия ауруы, ал глюкозо-6-фосфатазаның жетіспеушілігіне байланысты Гирке ауруы пайда болады. Фруктозо-1-фосфатальдолаза ферменттерінің жетіспеушілігіне байланысты, фруктоза-1-фосфат ыдырамайды да жинала бастайды. Ал мөлшерден артық фруктозо-1-фосфат фосфогексоизомераза ферментінің активтілігін тежейді де гликолиздің жүруі нашарланып, АТФ-тың синтезделуі төмендейді. Сонымен қатар фруктоза-1-фосфаттың жоғарғы мөлшеріндегі концентрациясы фосфорилаза ферментінің активтілігін тежейді, осының нәтижесінде жасушадағы бар гликоген глюкоза түзуде нашар қолданылады.

4. Иллюстрациялы материал.

Power point форматында презентация.

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде

негізгі:

1. «Биохимия» Е.С. Севериннің ред. басшылығымен, «ГЭОТАР, Медиа», 2014ж;
2. Т.С. Сейтембетов, Биологиялық химия, Алматы-2011 ж.
3. С.О. Тапбергенов, Медициналық биохимия, Алматы-2011ж
4. З.С.Сеитов, Биологиялық химия, 2012ж.
5. П.К.Кенжебеков, Биологиялық химия (арнайы бөлімдері), -Шымкент, 2005 ж.

қосымша:

6. Биохимия сұрақтары мен жауаптары. ҚР ҰҒА корр., проф. С.М.Адекеновтің ред.басшылығымен.-Алматы, 2011
7. Г.К.Асилбекова, А.Б.Ордабекова, Гормондар биохимиясы, Шымкент-2012ж

Орыс тілінде:

негізгі:

1. Биохимия, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2011
2. Тапбергенов С.О. Медицинская биохимия.- Астана, 2001.
3. Березов Т.Т., Коровкин Б.Ф. Биологическая химия.- М., 2007.
4. Николаев А.Я. Биологическая химия. Москва, М., 2007

қосымша:

5. Комов В.П. Биохимия: учеб. Для вузов-М., 2008
6. Кухта В.К. Основы биохимии – М., 2007
7. Биохимия. Тесты и задачи: Учебное пособие для студентов медвузов, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2005.
8. Биохимия в вопросах и ответах. Под. Ред. чл.-корр. НАН РК, д.х.н., проф. С.М.Адекенова.-Алматы, 2011

Ағылшын тілінде

1. R. H. Garrett, Grisham C. M., «Biochemistry», 2012
2. Harvey R. A. [ed. by], Lippincott's Illustrated Reviews: «Biochemistry»/, 2013
3. V. W. Rodwell [et al.], Harper's Illustrated «Biochemistry», 2015
4. M. Lieberman, A. Marks, A. Peet., Lieberman M. Mark's «Basic Medical Biochemistry A Clinical Approach» - 4th ed., 2015
5. Lehninger «Principles of biochemistry», Fourth Edition, David L.Nelson, Michael M. Cox, 2005.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Көмірсулардың қорытылуы қандай ферменттердің әсерімен жүргізіледі?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

2. Ішекте моносахаридтер қалай сіңіріледі?
3. Фосфорилаза мен гликогенсинтетаза ферменттерінің белсендірілуінде қандай айырмашылық бар?
4. Қаңқа бұлшық ет гликогеннің қолдануының ерекшелігіне не жатады?
5. Глюкоза пентозофосфаттық жолмен ыдырағанда қандай заттар түзіледі?
6. Қандай көмірсуларға жатпайтын заттар глюконеогенез үрдісінде жұмсалады?

№ 4

1. Тақырыбы: «Липидтердің алмасуы».

2. Мақсаты: Липидтердің қорытылуын, сіңірілуін, алмасу үрдістерін және алмасуының патологиясын түсіндіру.

3. Дәрістің тезісі. Липидтер ішекте қорытылады. Активсіз түрінде түскен панкреатит липазасы ішекте кофактор колиназа мен өт қышқылдарының әсерінен активтендіріледі. Липазаның молекуласы гидрофильді, тек оның үшглицеридке әсер ететін бөлігі (басы) гидрофобты болады. Сондықтан оның гидрофильді бөлігі сулы ортада орналасады, ал гидрофобты бөлігі эмульгирленген маймен жанасып, оны гидролизге ұшыратады. Гидролиз нәтижесінде 2- моноацилглицерин және бос май қышқылдары түзіледі. Ішек карбоксиэстеразасы 2 – моноацилглицеринді бос май қышқылы мен глицеринге ыдыратуға қатысады.

Фосфолипидтердің қорытылуы фосфолипазлардың (A₁, A₂, C, D) әсерінен жүреді. Ішек қабырғасында түзілген сфингмиолиназа мен церамидаза ферменттерінің әсерінен сфингомиелин қорытылады, ал холестериннің эфирі панкреатиттік холестеролэстеразаның әсерінен гидролизденеді.

Глицерин, қысқа тізбекті бос май қышқылдары (10-12 көміртегі атомы бар), фосфор қышқылы жай диффузия арқылы сіңіріледі. Ұзын тізбекті бос май қышқылдары, моноацилглицерин, холестерин, фосфолипидтер және өт-қышқылдары сулы ортада тұрақты мицеллдер түзіп сіңіріледі. Сіңірілген тағам липидтерінен ішек жасушаларында адам организміне тән қасиеті бар липидтер ресинтезделінеді.

Ресинтезделінген липидтер суда ерімейтін болғандықтан суда жақсы еритін хиломикрондар мен тығызды өте төмен липопротеиндер түзіліп, қан арқылы ұлпаларға тасымалданады. Хиломикрондардың метаболизмі липопротеинлипазаның әсерінен жүргізіледі. Бауырда тығыздығы жоғары және тығыздығы өте төмен липопротеиндер түзіледі. Қан айналымында тығыздығы өте төмен липопротеиннен тығыздығы төмен липопротеин түзіледі.

Май қышқылдары цитоплазмада активтендіріліп ацил-КоА-ға айналдырылады. Ол карантиннің қатысуымен митохондрийге тасымалданады. Митохондрийде активтендірілген қаныққан май қышқылдары бетта-тотығуға ұшырап ацетилкоэнзимге айналдырылады. Түзілген ацетилкоэнзим Кребс айналымында энергия көзі ретінде жұмсалады. Табиғаттық қанықпаған май қышқылдарындағы қос байланыс цис жағдайда болады, сондықтан бетта тотығу кезінде цис байланыс 3,4-цис-2,3-трансеноин-КоА-изомераза ферментінің әсерінен транс жағдайға көшіріледі. Одан бетта-тотығу арқылы ацетилкоэнзим түзіледі.

Негізгі табиғаттық май қышқылдары жұп көміртекті болып келеді. Бірақ өсімдіктердің липидтерінде және теңіз жәндіктерінде тақ көміртекті май қышқылдары кездеседі. Осы май қышқылдары бетта-тотығу процесстеріне ұшырағанда соңғы өнім ретінде пропионил-КоА түзіледі. Сонымен қатар пропионил-КоА кейбір аминқышқылдар (валин, изолейцин, треонин, метионин) ыдырағанда пайда болады. Пропионил-КоА сукцинил-КоА айналдырылады, ол Кребс айналымына ендіріледі.

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия» кафедрасы		46-11 ...
Дәріс кешені		1 беттің 1 беті

Кетон денелерінің түзілуі (кетогенез) бауырдың митохондриясында өтеді. Кетон денелеріне-ацетоацетат, β -гидрокси-бутират және ацетон жатады. Кетон денелері гидроксиметилглутарат айналымында синтезделінеді содан соң қанға түседі. Қалыпты жағдайда қанда 0,4-0,6 ммоль/л болады.

4. Иллюстрациялық материал.

Power point форматында презентация.

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде

негізгі:

1. «Биохимия» Е.С. Севериннің ред. басшылығымен, «ГЭОТАР, Медиа», 2014ж;
2. Т.С. Сейтембетов, Биологиялық химия, Алматы-2011 ж.
3. С.О. Тапбергенов, Медициналық биохимия, Алматы-2011ж
4. З.С.Сеитов, Биологиялық химия, 2012ж.
5. П.К.Кенжебеков, Биологиялық химия (арнайы бөлімдері), -Шымкент, 2005 ж.

қосымша:

6. Биохимия сұрақтары мен жауаптары. ҚР ҰҒА корр., проф. С.М.Адекеновтің ред.басшылығымен.-Алматы, 2011
7. Г.К.Асилбекова, А.Б.Ордабекова, Гормондар биохимиясы, Шымкент-2012ж

Орыс тілінде:

негізгі:

1. Биохимия, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2011
2. Тапбергенов С.О. Медицинская биохимия.- Астана, 2001.
3. Березов Т.Т., Коровкин Б.Ф. Биологическая химия.- М., 2007.
4. Николаев А.Я. Биологическая химия. Москва, М., 2007

қосымша:

5. Комов В.П. Биохимия: учеб. Для вузов.-М., 2008
6. Кухта В.К. Основы биохимии – М., 2007
7. Биохимия. Тесты и задачи: Учебное пособие для студентов медвузов, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М.,2005.
8. Биохимия в вопросах и ответах. Под. Ред. чл.-корр. НАН РК, д.х.н., проф. С.М.Адекенова.-Алматы, 2011

Ағылшын тілінде

